

термин жасау ісінде, ең алдымен, қазақ тілінің өз мүмкіндігіне көбірек сүйенді. Ол жасаған терминнің бәрі дерлік ана тіліміздің өз байлығы, өз сөздері. Ал оны іске асыру барысында әртүрлі амал қолданды. Ең алдымен, заттық, атаулық ұғымын берерлік сөздерді іріктеді және сөздерді тіркестіре қолдану арқылы термин жасады.

Қысқаша түйіндесек, қазіргі қазақ сөзінің ғылыми әлеуетінің күшеюі, байырғы лексикамыздың терминдік сипатының кеңеюі, ең алдымен, А.Байтұрсынұлының еңбегімен байланысты. Ахмет Байтұрсынұлы жасаған тіл білімі терминологиялық лексикасы мен әдебиеттану ғылымының терминдері бүгінде де рухани қажеттілігімізді толық өтеп отыр деп айта аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. – Алматы: Аламан, 1991. – 176 б.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1975.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 324 б.
4. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // А.Байтұрсынұлы. Ақ жол. – Алматы, 1991. – 469 б.
5. Жалмаханов Ш.Ш. А.Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1997. – 68 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – КӨСЕМСӨЗДІҢ ШЕБЕРІ

*Жақан Ә.Қ.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы
ҚарУ-дың аға оқытушысы
Қарағанды қ. Қазақстан*

Алаштың тарихи тұлғасы, ұлт ұстазы, ғұлама ғалым, сұңғыла суреткер Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ журналистикасында да өзіндік із тастап, мектеп қалыптастырған мықты журналист. Бар саналы ғұмырын ұлтты оятуға, халықты ағартуға арнаған Аханның публицистика жанрындағы барша еңбегін қарап, саралауға қаншама уақыт кетері сөзсіз. Дегенмен, ұстанатын бір қазық – 1913 – 1918 жылдар аралығында шығып тұрған «Қазақ» газеті Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты. Бес жылдай ғана халықтың рухани сұранысын өтеген есіл үнпарақ өзіне дейінгі де, өзінен кейінгі де барлық басылымдардан оқ бойы озық тұрады дейді бүгінгі зерттеушілер. Неге? Бұл сұрақтың жауабын табу үшін сол бес жылда ұлтымызға ұлы қызмет атқарған, елге ерекше еңбегі сіңген «Қазақ» газетінің басты материалдарын, өзекті тақырыптарын бір арнаға тоғыстырған кітапты қарап шығуға болады.

Алаш азаматтарының рухына бағышталған басылымды жиыстырып, құрастырып, зерделей-зерттеген, түсіндірме жазған ғалымдар Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов. Бас редактор Ә.Нысанбаев. Аталмыш еңбек «Қазақ» газетін ұйымдастырушы һәм тұңғыш редакторы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толу қарсаңында жарыққа шыққан екен. Жинақ жөніндегі пікірге зер салсақ: «Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси ойының көшбасшысы болған «Қазақ» газеті арада 80 жылға жуық уақыт өткенде архив қапасынан жарыққа шығып, жеке жинақ түрінде қалың оқырман қауыммен қайта қауышты. Жинақта «Қазақ» газетінің тарихи және танымдық құндылығын әлі күнге дейін жоғалтпаған мақалалары сол қалпы тұтас жарияланған. Кітап соңында «Қазақ» газетінің авторлары туралы энциклопедиялық анықтамалар мен газетте жарияланған мақалалардың қысқаша мазмұны баяндалған библиографиялық көрсеткіш берілген» [1, 4] – дегенді айтады. Кітап түріндегі газеттен Ахмет Байтұрсынұлының мынадай мақалаларын кездестіруге болады: «5 мың десетина жер», «Орысша оқушылар», «Жауап хат», «Қазақтың бас ақыны», «Алаш азаматтарына» (М. Дулатұлымен бірге),

«Андаспаған мәселе» турасында», «Бастауыш мектеп», «Ержан Аманұлы», «Қазаққа ашық хат (мал есебі туралы)»(Ә. Бөкейхан, М.Дулатұлылармен бірге), «Петроград хаты» (1. Мұсылман фракциясына, 2. Сібір депутаттарының мәжілісінде), «Алаштың азаматы», «Орынборда қазақ жиылысы», «А.П.Куропаткин», «Қазақ жұртына»(Ә. Бөкейхан, М.Дулатұлылармен бірге), «Шорай ислам».

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов бір зерттеуінде: «Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ақаң салған өрнекті біліп, Ақаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ақаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш» [2, 17] - депті. Бұл – Мұханның 1923 жылы «Ақ жол» газетінде басылған мақаласынан үзінді. Ол кезде Ахаңның ұлты үшін ұлы істерді күні-түні атқарып жүрген шағы ғой.

1980 жылдардың аяғында Ахмет Байтұрсынұлы ақталған кезде белгілі ғалым Рымғали Нұрғалиевтің «Алып бәйтерек» атты мақаласында: «Әр түрлі оқиғаларға, халықаралық жағдайға, заң, жер мәселесіне арналған «Бұ заманның соғысы» (1914), «Жәрдем комитеті» (1915), «Закон жобасының баяндамасы» (1914, осы мақала үшін Ахмет Байтұрсынов штраф-айып төлеген), «Қазақ халқын билеу туралы 1868 жылы шыққан уақытша положение» (1914), «Губернатор өзгертілуі» (1914), «Соғысушы патшалар» (1914), «Қазақ жерін алу турасындағы низам» (1913), «Қазаққа ашық хат» (1916) сияқты көптеген мақалалар публицист Ахмет Байтұрсынұлының көзқарас эволюциясын, тарихи білігін, ойшылдық деңгейін, журналистік стилін көрсетіп, рухани даму кезеңдерімізден мол хабар береді»[2, 9] дейтін мағлұматтар бар. Айтылған мақалалардың барлығы 1913-1916 жылдардың аралығында жарыққа шыққан. Яғни, Ахаңның «Қазақ» газетінде жүрген кезі. Ал енді публицистикалық тілде жазылған ағартушылық бағыттағы мына ой-пікірлеріне құлақ түрейікші: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», «Білім – таусылмайтын қазына, сарқылмайтын байлық», «Мақал – тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылатын сөз», «Білімнің бас құралы – кітап», «Сөздің ең ұлысы – тарих», «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы», «Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты», «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз». Ретімен тіркесіп келген сөздердің өзі қалың ойдың құшағында тұрғанын бірден байқайсыз. Ахаң халыққа, көпшілікке түсінікті, ұғынықты болсын деп өзінің айтар ойын, көзқарас-пікірлерін қара сөзбен де, өлең жолдарымен де әдемі жеткізген. Бір айта кетерлігі, Ахмет Байтұрсынұлының өлең жолдарының өзінде поэзиялық өрнекпен қоса, публицистикалық сарын да сақталған. Бір-екі мысал келтірейік:

Бар пайдаң өз басыңнан артылмаса,
Мал ғұрлы мағына жоқ тұрысында [2, 65].

xxx

Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны[2, 71].

xxx

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес – бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса-ұқпасын, жабықпаймын,
Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін [2, 74].

«Жиған - терген» дейтін ұзақ өлеңінде мынадай жолдар бар:

Бұ неткен жұрт ұйқышыл?!
Болсын кедей, болсын бай,
Жатыр бейқам, жым-жырт, жай.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзінді оянып.
Қанған жоқ па әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың?! [2, 79].

Көреген көшбасшының сонау бір алмағайып заманда айтқан сөзін кешегі кеңес уақытында да, бүгінгі тәуелсіздік тұсында да ұға алмай қойдық қой... Бір ғасырдан аса уақыт өтті, аманатқа қиянат жасап жүрміз бе, сонда?..

Жасыратыны жоқ, жалқаулығымыз, енжарлығымыз, ұйқышылдығымыз көп нәрсеге кедергі болып тұрғанын да мойындауымыз қажет!

Ұлт ұстазының тарихтағы таудай тұлғасын, өмірдегі азаматтық болмысын, азаттық жолына бар ғұмырын арнаған ұлтшыл, мемлекетшіл жан екендігін бәрі де айтқан, әлі де айтып-жазып жатыр.

Қай ұлтта болсын, ұстаз – мейірімділік пен жанашырлықтың үлгісі болып, ұлылық ұғымын білдіреді. Ұстаздың алдынан талай ұрпақ түлеп ұшады. Әр шәкірт – сол елдің тұғырлы тұлғасы болмаса да, қарапайым қатардағы азаматына айналары сөзсіз. Бір мемлекетке бір өзі ұстаз болғандар өте сирек. Сол сирек тұлғалардың бірі, бәлкім, бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы атамыз еді. Жалпы, Ахаң жайлы біршама зерттеулер бар. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері бұл үрдіс бұқаралық ақпарат құралдарының бәрінде де насихатталып, жеке зерттеу кітаптар да шығып жатыр. Ахметтанушылардың мектебі де біршама игілікті істерді атқарып келеді. Бірақ, бір нәрсені айта кеткен жөн. Хакім Абай секілді, Байтұрсынұлының да байтақ әлемі бар. Оны аралап шығуға қыруар уақыт керек. Түсініп – түйсінуге де соншама. Бір ғажабы, алаш зиялыларының, алаш арыстарының бәрі керемет. Шегінен ғұлама, оқып-тоқыған білімдар жандар. Солардың бәрі де Аханды сыйлап, құрмет тұтқан. Ұлт ұстазы бір сөзінде: «Ел – бүгіншіл, менікі – ертең үшін!» - депті. Ғажап ғибрат. Ол кісінің сол ертеңі – бүгінгі біз және келер ұрпақ. Алаштың атамекен жері, есесі кеткен елі, ана тілі мен барлық ұлттық құндылықтарды сақтап қалу жолында Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі аса ауқымды. Мемлекеттік және қоғамдық қызметтерін қоспағанның өзінде, тек қана шығармашылық әлемінің өзі – бірнеше университеттің зерттеуіне жүк боларлықтай. Ұлттық тіл мен әдебиетті қатар зерттеп, екеуінің де алғаш әліппесін жасады. Тіл ғылымы мен әдебиеттануға тұңғыш түрен салды. Бұл туралы басқа зерттеулерін айтпағанда, «Тіл – құрал» мен «Әдебиет танытқышты» көрсетсек те жеткілікті. XX ғасырдың басындағы аласапыран уақытта тілдің көсегесін көгертіп, әдебиет әлемін биікке көтеру мүлде мүмкін емес еді. Қоғам құбылып, адамдар әрі-сәрі күй кешіп жүргенде шығармашылықпен, ғылыммен айналысу – қиынның қиыны ғой. Мемлекеттік қызметтер һәм қоғамдық жұмыстар. Бұған рухты көтеретін, қазақ руханиятын байытқан нақыл сөздерін қосыңыз.

Мәселен, «Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болуға бірлік керек». Қысқа да нұсқа. Ұрпаққа, тіпті ұлтқа – ұлағат! Дәл осы қанатты сөздері кешеден ұшып, бүгінге жетті. Ендеше, осынау биіктерге бастайтын, жеңістерге жеткізетін рухты лебізді еліміздің барлық елді мекендерінің орталық көшелеріне неге іліп қоймасқа?! Қарапайым ғана әрекет. Қаражатты да көп сұрамайды. Егер ірі әріптермен жазылып, көрнекті жерде ілініп тұрса, оны оқыған әр-әр жердің тұрғындары ойланар еді, оянар еді-ау...

Иә, Алаштың Ахметі жайлы айта берсек, ұзай береміз. Қысқасы, Ахаңның ұланғайыр мол мұралары – қазақ руханиятындағы Алаштың алтын көпірі. Біздің ұлттың болашаққа барар өнегелі өткелі де – Алаш зиялыларының айтып кеткен, жазып қалдырған аманаттары десек, артық айтқандық емес. Зиялы адам, зиялы қауым, зиялы қоғам дейтін терең ұғымдарды кешегі Абай, Шоқан, Ыбырай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Әлихан,

Ахмет, Міржақып, Мағжан аталарымыздан іздеп, осынау шуақ шашқан ерекше элитадан рухани қуат алып отырсақ, шіркін! Зиялы адам дегеніміз – жан-жағына нұр шашатын жан иесі екен. «Зия» дейтін сөздің түп-төркіні, мағынасы – Көктен, яғни, Ғарыштан берілетін сәуле, нұр, шуақ һәм жылу мен мейірім.

Түйіндеп айтқанда, осы қасиеттері бойында болған, ойында сақталған Ұлт ұстазының ұлы істерін, мол мұрасын, жалынды публицистің көрнекті көсемсөздерін бүгінгі және келер ұрпаққа барынша насихаттап, толық жеткізуге, дұрыстап түсіндіруге атсалысайық, құрметті қауым!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә.Нысанбаев, құрастырушылар: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.
2. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 бет.

А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІ АЙТЫЛУ МАҚСАТЫНА ҚАРАЙ ТОПТАСТЫРУДАҒЫ КӨЗҚАРАСЫ

*Жуынтаева З.Н. ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ. Қазақстан*

Сөйлем дегеніміз біршама аяқталған ойды білдіретін синтаксистік категория екені белгілі. Дегенмен, тілімізде сөйлемге түрліше анықтама беріліп жүр. Сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой. Сөйлегенде, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне бірінің қырын келтіріп, қиындастырады. Қыры келетін сөздер тұрған күйінде алса да, қиындаса алады. Қыры келмейтін сөздерді қиындастыру үшін қырларын өзгертіп қиюын келтіреміз. Мысалы, Елдің малы далада, біткен жаны жалада, көбі жатыр қалада деген сөйлемнің бәрі өзгертіліп тұр, яғни жалғаулар арқылы байланысқан. Сондықтан ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады. Сондықтан сөйлемнің жаны – сөздердің басы мағыналы болып құралуы, – дейді А.Байтұрсынов [1, 124].

Қ.Жұбанов: «Сөзбен білдірілген ой аяқталған түгел ой болуы да, аяқталмаған шала ой болуы да мүмкін. Ойды бір сөзбен де, бірнеше сөзбен де түгел білдіруге болады. Қыс. Күн боран. Жердің үстін жапқын қар», – дегенде қыс деген жалғыз сөздің өзі де түгел бір ойды білдіріп тұр [2, 114].

С.Аманжолов: Сөйлем дегеніміз – сөз таптарының, тұлғалардың, яғни сөйлем мүшелерінің қарым-қатынасын көрсететін, сөйтіп барып, тиянақты ойды білдіретін категория [3, 163] деген пікір білдіреді.

«Тиянақты бір ойды білдіретін сөздердің тобын сөйлем» – дейді. Негізінде, бұл дұрыс, бірақ өте жалпыланып айтылған. Осы тәрізді бұған дейін тілімізде сөйлемге беріліп келе жатқан анықтамаларға жаңаша көзқарастар пайда болды. Бұл анықтамалардың кемшілігі: анализ жақтарын кіргізбеген. Сөздердің тобы деген жеткіліксіз, оны сөздердің қарым-қатынасына, сөздердің грамматикалық байланысына бағындырып беру керек. Сондықтан сөйлем дегеніміз белгілі бір тиянақты ойды білдіретін, өзара қарым-қатынасы бар, өзара грамматикалық байланысы бар сөздер деуіміз керек. Бұл да жеткілікті емес. Сөз бен сөздің қарым-қатынасы дегеніміз жай сөйлемге ғана қатысты, шынында, сөйлем дегеніміз сөйлем мен сөйлемнің (құрмалас сөйлемге, диалогты сөйлемге қатынасты) қарым-қатынасы да енеді.